


ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры

 Э.Қ.Идрисова

06 2025 ж.

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2024-2025 оқу жылында атқарылған

ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚЫРКҮЙЕК-ҚАЗАН АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. АК жұмысы ұйымдастырылды, ережелермен танысты, 2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірленді.

2024-2025 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу бойынша Академиялық комитет ережесі мен жұмыс жоспары ұсынылды. 2024-2025 оқу жылының Академиялық кеңес құрамына біршама өзгерістер енгізілді. Академиялық комитеттің жаңа құрамы 25.09.2024ж №183 бұйрығымен бекітілді. Жұмыс жоспар АК мүшелері тарапынан бір ауыздан қолдау тапты.

2. ББ бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының мазмұны айқындалды.

ББ – бойынша 2024-2029 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары айқындалған. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілген. Университет сайтында жарияланған. Даму жоспарының бағыттары мен мақсаттары айқын көрсетілген.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ

1. Тұрақты институционалдық даму

Мақсат 1.1. АЯ.У-нің корпоративтік басқарудың тұрақтылығын қамтамасыз ету

Мақсат 1.2. А.Я.У-нің имиджі мен беделін нығайту

2. Академиялық үстемдікке қол жеткізу

Мақсат 2.1. Аймақтық, ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы дайындау үшін білім беру экожүйесін құру

Мақсат 2.2. Тұлғалық даму үшін қолайлы жағдай жасау және білім алушылардың қоғамдық белсенділігін арттыру (3-миссия)

3. Инновациялық әлеуетті арттыру

Мақсат 3.1. Зерттеу экожүйесін дамыту

Мақсат 3.2. Ғылыми ізденістердің нәтижелілігін арттыру

Сонымен қатар даму жоспарында білім беру бағдарламаларына қатысты басым бағыттар нақты көрсетілген:

4. Алдыңғы қатарлы стандарттарды енгізу және білім беру сапасын арттыру үшін Түркия мен әлемнің жетекші университеттерінің қатарынан серіктестер анықтау. Білім беру бағдарламаларының түрлі бағыттары бойынша Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының оқулықтарын аудару. Жаңадан білім беру бағдарламаларын бірыңғай ақпараттық жүйе мен деректер базасы арқылы дамыту, бұл қашықтан оқыту технологиясының көмегімен әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Шетелдік серіктес жоғары оқу орындарымен, оның ішінде QS рейтингісінің ТОП-700 қатарынан серіктес жоғары оқу орындарымен екі дипломдық және бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жалғастырылатын болады. Стратегиялық әріптес университеттермен бірлесіп кадрлар даярлаудың басым бағыттары бойынша қос дипломды, бірлескен білім беру бағдарламаларын енгізу.

5. Жаңа білім беру бағдарламаларын, атап айтқанда, пәнаралық, инновациялық, сондай-ақ өңірде сұранысқа ие техникалық бағыттар бойынша (ауыл шаруашылығы, құрылыс, сәулет, ветеринария және т.б.) әзірлеу және ашу.

6. Білім беру технологияларының трансфері (оқыту әдістемесі, академиялық жетістіктерді бағалау, академиялық саясат және т.б.), шетелдік тәжірибені ескере отырып, білім беру бағдарламаларын өзектендіру, ОГК тәжірибесімен алмасу, ғылыми-зерттеу қызметі қамтамасыз етіледі.

7.Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және ЖОО түлегінің моделін жетілдіру негізгі құзыреттер мен еңбек нарығының жаңа сын-қатерлерін ескере отырып жүзеге асырылатын болады.

8.Білім беру процесіне ECTS қағидаттарын одан әрі енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

9. Өңірдің кәсіпорындарымен ынтымақтастық жоғары оқу орнының кадрлар даярлаудың барлық бағыттары бойынша үнемі кеңейтілетін болады. Білім беру бағдарламаларын әзірлеуге бизнес өкілдері мен жұмыс берушілерді тарту, сондай-ақ білім беру процесін ғылыми қызметпен интеграциялау жалғастырылатын болады.

10. Кәсіптік стандарттар негізінде инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру және кәсіптік стандарттар мен кәсіптердің өңірлік карталарын ескере отырып, барлық білім беру бағдарламаларын өзектендіру жалғастырылатын болады.

3. ББ біліктілік талаптарының 5 – қосымша сәйкестігіне мониторинг жүргізілді. 2024-2025 оқу жылында кафедралардың білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік жағдайы қарастырылды. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында 6B02286-Философия-Дінтану БББ және 6B02266-Исламтану БББ аккредитациядан өтетіндігі, ал 6B02228-Дінтану БББ, 7M02211-Дінтану БББ, 6B02229-Теология БББ, 7M02212-Түркітану БББ, 7M02210-Тарих БББ реаккредитациядан өтетіндігі айтылып, сол бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША-ЖЕЛТОҚСАН АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Әр БББ бойынша өзіндік бағалау жүргізу

Академиялық комитеттің желтоқсан айындағы жоспары бойынша бакалавр деңгейіндегі білім беру бағдарламаларына (6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02231-Тарих, 6B02267-Түркітану, 6B02286-Философия-дінтану) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларға (7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология, 7M02210-Тарих, 7M02212-Түркітану) ішкі аудит ұйымдастыру жоспарланған. Әр ББ бойынша білім беру бағдарлама жетекшілері ішкі аудит ұйымдастырылды.

6B02228-Дінтану және 7M02211-Дінтану білім бағдарламасы бойынша өзіндік бағалау жұмыстарын жүргізілді. Ішкі аудиттің нәтижесіндегі мәліметтер арнайы презентация ретінде әзірленіп университет сайтына жүктелді. Ол жерде білім бағдарламасына қатысты төмендегі мәліметтер көрсетілді.

6B02228-Дінтану БББ өзіндік бағалау есебінде түлек атрибуттары, дінтану білім беру бағдарламасы түлектердің моделі, 6B022-Гуманитарлық ғылымдар (Дінтану) Білім беру бағдарламасы түлектерінің моделі, 6B02228 – Дінтану ББ оқыту нәтижелері, өндірістік тәжірибе бойынша келісім-шарт жасалуы, 2024-2025 оқу жылы қабылданатын білімгерлер үшін 6B02228 – Дінтану білім беру бағдарламасын жаңартуға негіздеме, сипаттамасы ұқсас және оқыту нәтижелері бар қайталанатын пәндерді жою мәселесі (БББ пәндерінің жалпы саны өзгерді, оның ішінде ЖББП 14 пән қысқартылды), ББ-ға қосылған жаңа пәндер, оқыту нәтижелері мен пән сипаттамаларының талапқа сәйкестігі, Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері, білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері, 6B02228 - Дінтану білім берудің оқу-әдістемелік камтамасыз етілуі және ең соңында SWOT талдау орын алған.

7M02211-Дінтану білім бағдарламасы бойынша өзіндік бағалау жұмысында түлек атрибуттары, 7M02211-Дінтану білім беру бағдарламасы түлектердің моделі, 7M02211 – Дінтану БББ кәсіби құзыреттілік оқыту нәтижелері, БББ мақсаты, зерттеу тәжірибе бойынша келісім-шарт жасалуы, БББ-дағы өзгерістер (жаңартылған БББ бойынша ешқандай пән қысқарған жоқ. Тек пәндердің кредиттері ғана өзгерді), білімгерлердің

контингентін қалыптастыру нәтижелері, 7M02211 - Дінтану Білім берудің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі және SWOT талдау берілген.

6B02228-Дінтану БББ, 7M02211-Дінтану БББ, SWOT талдау нәтижесін қысқаша төмендегідей түйіндеуге болады:

Күшті жақтары (Strenght)
- Білім беру, нормативтік-әдістемелік базаны үнемі жетілдіру; - Жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық, бакалавр, магистратура деңгейінде мамандар даярлаудың үздіксіз жүйесін жүзеге асыру; - Әр түрлі оқыту формалар мен оқыту әдістері, технологиялары қолданылуы
Әлсіз жақтары (Weaknesses)
- Іс-тәжірибе базасында теориялық оқу аудиторияларының жетіспеушілігі; - ОПҚ шетелдік жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлыққа тарту жеткіліксіз.
Мүмкіндіктер (Opportunities)
- Жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын дамытуға белсенді қатыстыру; - БББ студенттерінің бәсекеге қабілеттігін арттыру; - Тәжірибелік сабақтарды өткізу үшін өндірістен мамандарды оқу процесіне тарту; Стратегиялық серіктестермен ынтымақтастықты жандандыру; - Жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша мамандар даярлау; - Түркия жоғары оқу орындарында мақсатты оқыту есебінен магистрлер мен докторлардың академиялық дәрежелері бар оқытушылар санын арттыру.
Қауіптер (Threats)
- Талапкерлердің базалық дайындығының төмендігі; - Білім алушылардың білім сапасының төмендігі; - Жұмысқа орналасу бойынша заңды тұлғалардың заңнамалық жауапкершілігінің болмауы; Төлем ақыны төлей алмау; - Мемлекеттік тапсырысқа тәуелділік.

6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 7M02262-Теология білім беру бағдарламасының өзіндік есебінде ББ-ның негізгі атрибуттары, білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері, ББ-ның жалпы сипаттамасы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері, Қазақстандық және шетелдік университеттермен серіктестік жұмыстары, сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері, ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі және ББ инфраструктурамен қамтамасыз етілуі (бқосымшаға сәйкес) көрсетілген. Сондай-ақ кафедраның SWOT- талдау кестесі және негізгі оқу жоспарлары орын алған. 6B02229-Теология білім беру бағдарламасы НКАОКО, НААР және Атамекен сияқты агенттіктеріндегі ББ рейтингіне қатыспағандықтан бұл туралы мәлімет презентацияда берілмеді.

6B02229-Теология БББ, 6B02266-Исламтану БББ бойынша SWOT талдау

Күшті жақтары (Strenght)
- Ағылшын және түрік тілдерін үйрену бойынша тегін курстар ұйымдастыру, шетел білімгерлеріне арналған Тілдік курстар, "Foundation" топтарын құру, оқытушылар мен білімгерлерге арналған шетел тілдерін оқытуға бағытталған бағдарламалар; - Жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық, жұмыс берушілердің ұсыныстары

негізінде пәндердің енгізілуі; - Материалдық-техникалық базаның болуы; - Кафедра құрамында түрік тілін жоғары деңгейде меңгерген оқытушылардың болуы (YUNUS EMRE сертификаты); - Кафедра ОПК-ның Педагогикалық және кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіру; - Электрондық кітапхананың болуы (http://lib.ayu.edu.kz; http://rmebrk.kz/) интернет арқылы электронды каталогтың деректер қорына және толық мәтінді құжаттарға қол жеткізуді ұсынады.
Әлсіз жақтары (Weaknesses)
- Ағылшын тілін жоғары деңгейде (IELTS 5.0 және одан жоғары) меңгерген ОПК үлесінің жеткіліксіздігі; - ОПК шетелдік жоғары оқу орындарына академиялық ұтқырлыққа барудың жеткіліксіздігі; ББ бойынша қазақ тілінде оқу құралдар санының аз болуы
Мүмкіндіктер (Opportunities)
- Шет тілдерінде өткізілетін пәндерді көбейту есебінен академиялық ұтқырлық бойынша шетелдік білімгерлерді тарту; - Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде білімгерлерді белсендендіру арқылы ғылыми конференцияларда жүлделі орындар алу; - ҚР еңбек нарығында 6B02229-«Теология» ББ сұранысының артуы; қосдипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу; Шетелдік университеттермен бірлескен ғылыми жобаларды әзірлеу мүмкіндігі.
Қауіптер (Threats)
- Мемлекеттік тапсырысқа тәуелділік; - Бәсекеге қабілетті жоғары оқу орнының болуына байланысты білікті мамандардың басқа ЖОО-ға ауысу қаупі..

6B02231-Тарих, 7M02210-Тарих білім беру бағдарламасының ішкі аудитінде түлектердің атрибуттары орын алған. Түлектердің атрибуттары негізінде білім беру бағдарламасының мақсаты жасалған. Білім беру бағдарламасының мақсатына сай оқыту нәтижелері құрастырылып, аталған оқыту нәтижелер пәндермен сәйкестендірілген. Ағымдағы жылдағы білім беру бағдарламалар келесі оқу жылына қабылданатын білім алушылар үшін өзгеріссіз ұсынуға болатындығы айтылды. Сараптамадан жақсы көрсеткішпен өткен және оқу тәжірибесінде сыналған бағдарлама қазірше толықтыруды қажет етпейді.

6B02267 Түркітану білім беру бағдарламасының ішкі аудитінде Білім беру бағдарламасының сипаттамасы, ББ атрибуттары, әлемдік үздік университеттер рейтингі, Қазақстандағы басқа университеттер мен Ахмет Ясауи университеті білім беру бағдарламаларының бенчмаркинг нәтижелері, білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері, білім беру бағдарламасының білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі және білім беру бағдарламасының инфраструктурамен қамтамасыз етілуі көрсетілген.

7M02212-Түркітану БББ өзіндік бағалау есебінде БББ сипаттамасы, мақсаты, БББ тұжырымдамасы, Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері, жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері, мамандандырылған халықаралық аккредиттеу туралы куәлік (2020-2025), сауалнамалар (білімгерлердің, жұмысберушілердің, түлектердің, басқа қызығушы тараптардың) нәтижелері, білімгерлер контингентін қалыптастыру, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері, білім берудің білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі, 7M022 Гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша ББ түлегінің моделі, 7M02212-

Түркітану ББ бойынша оқыту нәтижелері, білім беру бағдарламасының инфраструктурамен қамтамасыз етілуі және соңында SWOT талдау, 7M02212 – Түркітану ББ реестрге ену нәтижелері берілген.

7M02212-Түркітану БББ, SWOT талдау нәтижесі төмендегідей

Күшті жақтары (Strenght)
- Қосдипломды БББ болуы; - Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішінің жоғары болуы; - Кафедра қызметкерлерінің импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда мақалалары жариялануы.
Әлсіз жақтары (Weaknesses)
- Мамандық бойынша ПОҚ-ның әзірлеген оқу құралдарының аз болуы; - Магистранттардың шетелде ғылыми тағлымдамадан өту кезінде қаржыландырылмауы
Мүмкіндіктер (Opportunities)
- Халықаралық ынтымақтастықты дамыту мүмкіндіктері; - Инновациялық оқыту әдістерінің тиімділігін арттыру мүмкіншіліктері
Қауіптер (Threats)
- Оқу бағдарламасымен оқытуда түрік тіліндегі кітаптар жиынтығының аз болуы; - ОПҚ шетелдерде біліктілігін арттыру экономикалық дағдарыс әсерінен қаржыландырудың төмендеуі; - Білім беру нарығындағы бәсекелестіктің жоғары болуы.

6B02286-Философия-дінтану БББ өзіндік бағалау есебінде БББ сипаттамасы, Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері, Философия-дінтанушылардың атқаратын еңбек функциялары, Философия-дінтану БББ оқыту нәтижелері, Философия-дінтану БББ негізгі атрибуттары, SWOT талдау-Философия-дінтану БББ және ББ жақсарту ұсыныстары берілген.

6B02286-Философия-дінтану БББ, SWOT талдау нәтижесін қысқаша төмендегідей түйіндеуге болады:

Күшті жақтары (Strenght)
- Нормативтік және әдістемелік базаны тұрақты түрде жетілдіріп отыру; - Еңбек нарығында БББ түлектеріне сұраныстың болуы және оның өсуі; - Бакалавр деңгейінде мамандарды даярлаудың үздіксіз жүйесін іске асыру; - Жұмыс берушілермен тығыз әріптестік орнату; - Шет елдерде (Турцияда) білім алған оқытушылардың болуы.
Әлсіз жақтары (Weaknesses)
- Білім беру үдерісінде шетелдік оқытушылардың аз қатысуы; - Оқу процесі мен ғылыми жұмыстарға шетелдік жоғары оқу орындарының академиялық ұтқырлығына тарту жеткіліксіз; - Оқытушы құрамында ағылшын тілін меңгерген мамандардың санының аздығы; - Оқу-әдістемелік құралдардың жоғары деңгейде қамтамасыз етілмеуі.
Мүмкіндіктер (Opportunities)

- БББ студенттерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Стратегиялық серіктестермен ынтымақтастықты нығайту;
- Жұмыс берушілердің тапсырыстары бойынша мамандарды даярлау және олардың сұранысының артуы;
- Түрік жоғары оқу орындарында мақсатты оқыту арқылы магистрлік және докторлық дәрежеге ие оқытушылар санын көбейту.

Қауіптер (Threats)

- Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарына, ЖОО-ға түскен студенттер мен түлектерге қойылатын талаптарының қатаңдатылуы;
- Талапкерлердің базалық білім деңгейінің төмендеуі және оның жыл сайын азаюы; Жұмысқа орналасу бойынша заңды тұлғалардың заңнамалық жауапкершілігінің болмауы;
- Төлем ақысын төлеу мүмкіндігінің жоқтығы;
- Бамандыққа қатысты жеткіліксіз түсінік.
- Мемлекеттік тапсырысқа тәуелді болмау.

6B02286-Философия-дінтану БББ жақсарту ұсыныстары.

1. Оқу бағдарламасын жаңарту, оқытудың белсенді әрі шығармашылық әдістеріне көшу, сондай-ақ оның жалпы тиімділігін арттыру үшін діннің рөлін мойындай отырып, білім берудің студентке бағдарланған сипатына ерекше назар аудару қажет.

2. Философия және дінтану бағыты бойынша ұсынылып отырған білім беру бағдарламасы жеке тұлғаның дүниетанымы мен этикалық негіздерін қалыптастырудағы діннің маңызды рөлін түсініп, философиялық және діни аспектілерді қамтитын құзыреттерді дамытуға бағытталған.

3. ЖОО түлектерін оқытудың қол жеткізілген нәтижелерін, олардың құзыреттерін талдау (сауалнама, анкета және т.б. әдістер арқылы). Жобалық және гранттық қызметті қолдау мақсатында университет ішілік жүйені пайдалана отырып, үздік түлектерді ғылым мен инновациялық қызметке тарту тетіктерін жетілдіру.

4. Бітіруші түлектерді дайындау сапасын бағалау, тәжірибелер мен тәжірибелік бағдарлы дипломдық жобалардың негіздерін кеңейтіп, өндіріске енгізу. Еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін облыс экономикасының нақты секторының өкілдерін тарту.

5. Оқытушы-профессор құрамының шет тілдерін меңгеру деңгейін (ағылшын тілі) арттыру.

2. БББ-н пәндердің силлабустарында көрсетілген оқыту нәтижелерін талдау.

2024-2025 оқу жылында (6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02231-Тарих, 6B02267-Түркітану, 6B02286-Философия-дінтану) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларға (7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология, 7M02210-Тарих, 7M02212-Түркітану) білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндердің силлабустарында көрсетілген оқыту нәтижелерін талдау жұмыстары Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны дайындау ережесіне сәйкес жүргізілді.

Білім беру бағдарламаларын талдай отырып, ББ-ның ерекшелігі, кафедралардың потенциалы, білімгерлер контингенті, түлектердің жұмыс нарығында сұранысқа ие болу деңгейі, жұмысқа орналасуы, жұмыс берушілердің сұраныстары назарға алынып кәсіби құзыреттер мен оқыту нәтижелері анықталды. Сондықтан, әр курстың оқыту нәтижелері осы факторларды ескере отырып сәйкестендірілді. Әр пән бойынша оқыту нәтижелері силлабус мазмұнында көрсетілген апта тақырыптарына сәйкестендіріліп, байланыста жасалған. Тақырыптар мен оқыту нәтижелері курсты оқытудың мақсаты мен міндеттеріне

негізделген. Кәсіби құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелеріне жету үшін оқытудың заманауи әдістерін қолдануды көздейді: озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану, жүйелі пәнаралық зерттеулерді қолдану т.б.

Түрік филологиясы кафедрасында тіркелген 6B02267 - Түркітану ББ бойынша 22 пән бойынша силлабустар, 6B02333 - Шетел филологиясы (түрік тілі) ББ бойынша 30 пәннің силлабусы, 7M02212-Түркітану ББ бойынша 7 пән, 6B01719 Шетел тілдері (ағылшын-түрік) ББ бойынша 7 пән, 7M01708 Шетел тілі: екі шет тілі ББ бойынша 2 пән силлабустары тексерілді. Тексеріс барысында елеулі қателер орын алмағандығы көрінді. 2024-2025 оқу жылына арналған пәндер силлабустары түгел, сапалы дайындалған. Құрылымдық тұрғысынан силлабустарда ешқандай кесімшілік анықталмады: Сағат саны дұрыс бөлінген, бағалау критерийлері мен сипаттамалары тақырыптарының максатына негізделіп жасалған. Силлабустардың ішкі сапасына келер болсақ, комиссия тарапынан пәннің сипаттамалары, курстың оқу бағдарламасына сәйкестігі, Курстан күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерімен (ОН) байланысы, Дублин дескрипторларына сәйкес және Блум таксономиясы негізделгендігі тесерілді. Пән сипаттамалары білімгерлер үшін түсінікті, курстан не күтетіндігін нақты және айқын түсіндірген. Курс барысында нені үйренетіндігі, қандай дағдыларды игеретіндігі және олар не үшін маңызды екендігі жақсы түсіндірілген.

Назарға алынуға тиісті тағы бір маңызды жәйт, ПОН – БЛУМ таксономиясы негізінде жасалуы. Блум таксономиясы-жеке тұлғаға бағытталған, оның шығармашылығын дамытудың және білімді толық меңгерудің әдісі болып табылады. Сондықтан оқу материалын дайындауда пәннің оқыту нәтижелері БЛУМ таксономиясының негізгі категорияларына сәкестендірілуі маңызды. Сонымен қатар жоғарыда атап өткендей ПОН – Дублин дескрипторларына сәйкестігі де назардан тыс қалмауы тиіс. Дублиндік дескриптордың негізгі көрсеткіштері: оқыту нәтижелері, құзіреттіліктер, estc жүйесі бойынша дублин дескрипторлары. Пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруда Дублиндік дескриптордың негізгі нәтижелері басшылыққа алынады: білу және түсіну, білімді қолдану және түсіну, алған білімін қалыптастыру, коммуникативті қабілеттері, оқу дағдылары немесе оқу қабілеті.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАҢТАР-НАУРЫЗ АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. ББ-ның 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау.

Гуманитарлық ғылымдар даярлау (6B02228-Дінтану, 7M02211-Дінтану, 6B02229-Теология, 7M02262-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02231-Тарих, 7M02210-Тарих, 6B02267-Түркітану, 7M02212-Түркітану, 6B02286-Философия-дінтану БББ бойынша 2024-2025 оқу жылындағы білім беру бағдарламаларының рейтингісіне (Атамекен, НААР, НКАОКА) қатысу нәтижелерін және оқу жылында қол жеткізетін нәтижелерін талдау жұмыстары жүргізілді.

Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингісіне тек 6B02228-Дінтану БББ қатысты және «Атамекен» ҰКП рейтингісінің 2024 жылғы көрсеткіш бойынша 3/6 орын иеленді. Кадр даярлау сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі еңбек нарығында түлектердің сұранысқа ие болуы. Кафедра өз түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп келеді.

«Атамекен» рейтингісі университет бағдарламаларының күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингісі бізге нарық талаптарына сай мамандар даярлау деңгейімізді бағалайды. Рейтинг көрсеткіштері бойынша біз түлектердің жұмыспен қамтылу деңгейін,

жұмысқа орналасу жылдамдығын және білім сапасының нарық талаптарына сәйкестігін талдай аламыз.

2. БББ аккредитациядан өткізу процедураларын ұйымдастыру, есептерін даярлау.

Күн тәртібіндегі маңызды мәселе БББ аккредитациядан өткізу процедураларын ұйымдастыру, есептерін даярлау, оқу-әдістеме, ғылым, тәрбие, практика, сапа құжаттары бойынша бес жылдық есепті (2020-2025) әзірлеу, аталған бағыттар бойынша әрбір жауапты ОПК тиісті жұмыстарды атқарып, білім беру бағдарламаларының аккредитациясын сәтті өткізу үшін талаптарға сәйкес есептерді әзірледі. Аккредитациялық комиссия талаптарына сәйкес есептерде бағдарламалардың мазмұны, оқу нәтижелері, оқытушылар құрамының біліктілігі, материалдық-техникалық база, студенттердің жетістіктері мен жұмысқа орналасу көрсеткіштері туралы толық мәліметтер қамтылды. Есепті дайындау барысында тек қана деректер жинаумен шектелмей, олардың стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етіп, барлық қажетті түзетулер енгізілді.

3. 6B02229-Теология, 7M02262-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02228-Дінтану, 7M02211-Дінтану, 6B02286-Философия-дінтану 6B02267 Түркітану, 6B02231-Тарих, 7M02210-Тарих, (IP)) БББ сәйкес жасанды интеллект элементтерін енгізу.

6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02228-Дінтану БББ жоспарына сәйкес ОН1, ОН3 – ке Жасанды интеллект пен инклюзивті оқыту әдістері енгізілді; 7M02211-Дінтану БББ, 7M02262-Теология БББ жоспарына «Зерттеулердің қолданбалы әдістері» мен «Академиялық ғылыми жазба» пәндерінің сипаттамаларына Жасанды интеллект қолдану әдіс-тәсілдері енгізілді. 1-9 оқыту нәтижелерінің реттілігі қағаз нұсқасымен сәйкестендірілді. ОН4 және ОН5 Жасанды интеллект қолдану әдіс-тәсілдері енгізілді. 6B02286-Философия-дінтану БББ оқу жоспарына сәйкес «Этика және эстетика» пәнін оқытудың жоспарында лекция және практика тақырыптары мазмұнына «Жасанды интеллект этикасы» модулін енгізу мәселесі қарастырылды.

6B02267 Түркітану БББ оқу жоспарына сәйкес "Жасанды интеллект" пәнін жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі тандау компоненті ішіне енгізілді. 7M02212-Түркітану БББ-сы бойынша МЖМБС талаптарына сәйкес Зерттеулердің қолданбалы әдістері, Академиялық ғылыми жазба пәндерінің сипаттамалары және ОН4 пен ОН5 оқыту нәтижелері жаңартылды. ЖИ негіздерін қалыптастыратын күзиреттер ескерілді.

2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР-МАУСЫМ АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру, нәтижелерін талдау; ББ бойынша оқулық, оқу-әдістемелік құралдарды толықтыру мәселелерін талдау.

Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедуралары БББ-ның сапасын арттыруда негізгі фактор болып табылады. Сондықтан сапаны сырттан қамтамасыз ету жүйелі және жоспарлы түрде жүзеге асырылуы тиіс. Сонымен қатар әрбір бөлімшенің өзіне жүктелген міндеттері нақты айқындалуы қажет және осы процестердің нәтижелі болуы үшін барлық факультет пен кафедра қызметкерлерінің белсенді қатысуы керек. Осыған орай өткен оқу жылындағы постмониторинг нәтижелеріне шолу жасап, талдау барысында білім беру бағдарламасының орындалу деңгейі, студенттердің оқу жетістіктері, олардың практикадан ету барысы және оқытушы құрамының кәсіби дайындығы талқыланды. Сонымен қатар аккредиттеу мен потсмониторинг бойынша есепті дайындаудың маңыздылығын түсіндірілді. Ол есептің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптардың қатан

сақталуы керек екені және есепті дайындау барысында постмониторинг нәтижелері, академиялық мазмұнның өзектілігі, білім алушылардың жетістіктері, оқытушылар құрамы, материалдық және техникалық база, сонымен қатар білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы жан-жақты қарастырылды.

2024–2025 оқу жылында гуманитарлық ғылымдар даярлау бағыты бойынша білім беру процесін сапалы ұйымдастыру мақсатында бірқатар ғылыми оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар жаңартылды. Атап айтқанда, негізгі және бейіндік пәндер бойынша заманауи талаптарға сәйкес келетін оқулықтар іріктеліп, оқу үдерісіне енгізілді. Сонымен қатар, академиялық еркіндік аясында кейбір пәндерге қосымша әдебиеттер мен электрондық ресурстар ұсынылды. Бұл жаңартулар білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға, пәндік мазмұнды терең меңгеруіне зор мүмкіндік береді.

2024–2025 оқу жылында жарияланған ғылыми жұмыстар туралы мәлімет

№	Еңбектердің аталуы	Монография, оқулық, оқу-әдістемелік құралы	Автор(лар).
1.	Ханафи матуриди мазхабы	(оқу құралы). Алматы: баспасы, 2025. – 113 б.	Абжалов С. Кенжетай Д. Қаратышқанова Қ. Темирханов Б.
2.	Неміс классикалық ойшылдарының танымдық көзқарастары	(оқу құралы). Алматы: Эверо, 2024. – 132 б. 6,25 б.т.	Шадинова Г.А
3.	Философиялық антропология	(оқу құралы). Алматы: Эверо, 2024. – 180 б. 8,5 б.т.	Шадинова Г.А
4.	Kazakistan'da üç tarz-i siyaset	Monografi. – Kentau «Еркін и К-XXI»: 2025. – 156 s.	S.Shylmambetov
5.	Теологиялық оңалту	(оқу құралы). Түркістан – 2024, 111б.	Н.Қыпшақбаев, Б.Нуритдинов
6.	Имам Матуриди және қазақ ойшылдары	(оқу құралы). Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 196 б.	Ж.Нурматов, М.Төлегенов
7.	Atatürk İlkeleri ve Türkiye Cumhuriyeti İnkılap Tarihi	(оқу әдістемелік құралы). Tүrkistan: Ahmet Yesevi Üniversitesi 2025, - 162 s.	Eren Akdeniz, Kanat Bazarbayev
8.	Resimlerle Türkçe Öğreniyorum	(оқу әдістемелік құралы). Шымкент: Әсем баспасы, 2025, - 85 б.	Каримова Ш.А
9.	Halk hikayeleri	(оқу әдістемелік құралы). 2025.	Адиьбекова Э
10.	Ежелгі дәуір түрік әдебиеті	(оқу әдістемелік құралы). 2025, - 170 б.	Алашбаев Е

Кадрларды даярлау нарығына талдау жүргізу. Түркістан облысы әкімдігі Қоғамдық даму басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу» орталығының директор орынбасары М.Халықовпен және ҚР МСМ «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары М.М.Тастанбековпен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары талқыланды. Кездесу барысында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6В022 – Гуманитарлық ғылымдар бағыты бойынша әзірленген білім беру

бағдарламасы бәсекелестікке қабілетті болашақ маманның кәсіби-теориялық даярлығын арттырудың жолдарын нақты белгілеп беріп отырған, талап деңгейінде әзірленген бағдарлама екендігі атап өтілді.

Қазіргі таңда қоғамның сұранысына қарай дінтанушы, теолог және исламтану мамандарын сапалы дайындау өте маңызды мәселе болып отыр. Осыған орай, 6B02228-Дінтану БББ, 7M02211-Дінтану БББ бойынша біршама жаңартулар енгізілді.

6B02228-Дінтану ББ-на келесідей өзгерістер енгізілді:

1. ОН1, ОН3 –ке Жасанды интеллект пен инклюзивті оқыту әдістері енгізілді;
2. ЖК-дағы Ислам тарихы пәні (5 кр.) алынып, Діндер тарихы I – 2кр., Діндер тарихы II – 2кр., Дін негіздері пәніне –1 кр. қосылды. Алынған Ислам тарихы пәнін Діндер тарихы II пәнінің ішінде оқытын болады, соған қарай пәннің сипаттамасы өзгерді.
3. ЖК пәні Құрантану ТК пәніне ауыстырылды;
4. ТК пәндері: Дін философиясы, Дін феноменологиясы, Ислам философиясы, Мемлекеттік-конфессияаралық қатынастар ЖК пәндері болып ауысты;
5. ЖК-дағы Діни сенім негіздері (4 кр) пәндері алынып тасталды, оның кредиттері Дін философиясы мен Дін феноменологиясына екі кредиттен қосылды.
6. ЖК пәні Діни мәтіндер түсіндірмесі, Діни құқық негіздері ТК пәніне ауысты;
7. ТК-дегі: Түркі ислам тарихы, Хитаба пәндері мүлдем алынып тасталды.
8. Соңғы «Дінтану ғылымдары– VI Модульде» 6 ТК пәндері, 4 ТК пәндеріне қысқарды, кредиттері өзге пәндерге шашылды.

7M02211-Дінтану БББ келесідей өзгерістер енгізілді:

- 1) ТК пән "Дінтану әдіснамасы" ЖК болып өзгертілді, себебі докторантура бөліміне түсу үшін қажетті пәндер қатарында. Дәл сол секілді, ЖК-не "Дін саласындағы құқықтық реттеу" атты жаңа пән енгізілді,
- 2) ТК пәндер қатарына "Қазіргі дін әлеуметтануы мен психологиясының негізгі мәселелері" атты жаңа пән енгізілді, бұл да қоғам сұранысына ие пәндер қатарынан;
- 3) "Зерттеулердің қолданбалы әдістері" мен "Академиялық ғылыми жазба" пәндерінің сипаттамаларына Жасанды интеллект қолдану әдіс-тәсілдері енгізілді;
- 4) Осы бағдарламаға қатысты кәсіптік стандарттар енгізілді және ондағы еңбек функциялары оқыту нәтижелерімен байланды;
- 5) 1-9 оқыту нәтижелерінің реттілігі қағаз нұсқасымен сәйкестендірілді. ОН4 және ОН5 Жасанды интеллект қолдану әдіс-тәсілдері енгізілді.

6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 7M02262-Теология, 6B02286-Философия-дінтану, 6B02231-Тарих, 7M02210-Тарих БББ білім беру бағдарламаларын талдай отырып, қазіргі заманауи талаптарға толықтай сәйкес келетінін айтуға болады. ББ ішкі аудит нәтижесінде ББ-ның мазмұны сараланып, өзгеріс қажет емес деген қорытындыға келдік. Десе де алдағы жылдарда ББ-дағы пәндер бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2025-2026 оқу жылы үшін 6B02267 – Түркітану БББ, 7M02212-Түркітану БББ-лар жаңартылды. МЖМБС талаптарына сай Экология және өмір қауіпсіздігі, Икемді дағдылар пәнінің сипаттамасы жаңартылды. Академиялық жазбаға кіріспе пәнінің сипаттамасы және ОН3 оқыту нәтижелері жаңартылды, яғни жасанды интеллект негіздерін қалыптастыратын құзыреттер ескерілді.

Түркітануға кіріспе, Қазіргі түркі тілдерінің салыстырмалы синтаксисі пәндерінің сипаттамасы жаңартылды.

Түркітану – түркі халықтарының тілі, әдебиеті, тарихы мен мәдениетін зерттейтін өзекті сала. Соңғы жылдары түркі мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың артуы, Түркі мемлекеттері ұйымының белсенділігі бұл мамандыққа сұранысты күшейтті. Сарапшылар, аудармашылар, мәдениеттанушылар мен халықаралық жобаларда жұмыс істей алатын білікті кадрлар қажет. Осыған байланысты 6B02267-Түркітану білім беру бағдарлама мазмұны нақтылап, еңбек нарығына сай жаңа пәндермен толықтырылды. Халықаралық оқу орындарының тәжірибесі ескеріліп, академиялық ұтқырлық кезінде пән сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында өзгерістер енгізілді. Жаңартылған бағдарлама түлектерге түркі әлемін терең тануға, заманауи зерттеу жүргізуге және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

6B02267 – Түркітану білім беру бағдарламасының мазмұнын еңбек нарығы мен академиялық талаптарға сай жаңарту мақсатында келесі пән атаулары мен сипаттамалары өзгертілді: «Түркі тілдерінің тарихи морфологиясы» → «Қазіргі түркі тілдерінің салыстырмалы морфологиясы»; «Түркі мифологиясы» → «Фольклорға кіріспе»; «Көне түркі тілі» → «Көне түркі диалектілері (көктүріктер және көне ұйғырлар)»; «Түркі фольклоры» → «Түркі дүниесі фольклоры I, II, III»; «Шағатай тіліндегі жазба ескерткіштер» → «Ортағасыр түркі диалектілері (Хорезм және Шағатай тілдері)»; «Қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі» → «Ортағасыр түркі диалектілері (Қараханлы және Қыпшақтар)»; «Осман тіліндегі жазба ескерткіштер» → «Ортағасыр түркі диалектілері (Ескі Анадолы түрікшесі)»; «Түркі тіл білімі тарихы» → «Қазіргі тіл білімі»; «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» → «Грамматика I, II»; «Түркітанудағы зерттеу әдістері» → «Жасанды интеллект құралдарын қолдану арқылы зерттеу әдістері мен тәсілдері»; «Түркітануда экспедиция жүргізу практикасы» → «Түркі дүниесі зерттеулері»; «Сөйлеу мәдениеті» → «Ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту»; «Түркі тілдерінен аударма жасау әдістемесі» → «Қазіргі түркі жазба тілдерінің мәтіндік талдауы және аудармасы I, II»; «Медиа сауаттылық» пәні «Академиялық сауаттылық» пәнімен ауыстырылды; «Әдебиет теориясы» пәні орнына «Түркі дүниесі әдебиеттері I (Классикалық кезең)» және II (Заманауи кезең) пәндері енгізілді. Барлық пәндердің сипаттамалары талаптарға сай жаңартылды.

6B02267 – Түркітану білім беру бағдарлама құрылымын оңтайландыру мақсатында келесі пәндер оқу жоспарынан алынып тасталды: «Түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі», «Түркітанудың әдіснамалық ұстанымдары», «Орталық Азия түркі халықтарының этно-саяси тарихы», «Түркістан географиясы», «Дипломатия және түркі мемлекеттері халықтарының өзара ынтымақтастық тарихы», «Шет тілдеріндегі түркизмдер», «Қазіргі түркі тілдерінің тарихы», «Түркі тілдерінің тарихи диалектілері», «Этнолингвистика». Олардың орнына келесі жаңа пәндер енгізілді: «Араб графикасымен жазылған көне түркі мәтіндері I, II, III», «Заманауи түркі дүниесі әдебиеті жанр зерттеулері: роман-хикая-поэзия». Жаңа пәндер түркітанудың бағытына сай білім мен дағдыны жетілдіруге бағытталған.

7M02212-Түркітану БББ-сы бойынша ББ-ның кәсіби стандарты және еңбек функциялары таңдалып бекітілді. Кәсіби ОН-лері жаңартылды. Өзара сәйкестендірілді. МЖМБС талаптарына сәйкес Зерттеулердің қолданбалы әдістері, Академиялық ғылыми жазба пәндерінің сипаттамалары және ОН4 пен ОН5 оқыту нәтижелері жаңартылды. ЖИ негіздерін қалыптастыратын күзіреттер ескерілді.

Пән тізімінен алынған пәндер:

1. Түркітанудағы фольклористикалық құндылықтар
2. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы
3. Ресейдегі түркітанымдық зерттеулер
4. Түркі тілдеріндегі сөздер мен фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері
5. Түркі халықтары туралы зерттеулердің этно-генетикалық және генеалогиялық негіздері

6. XI-XVI ғасырлардағы араб жазуындағы түркі ескерткіштері

Пән тізіміне жаңартылып қосылған пәндер:

1. Түркі әлемінің фольклорлық зерттеулері
2. Түркі жазба тілдерінің тарихи салыстырмалы грамматикасы
3. Түркітанымдық зерттеулер тарихы
4. Қазіргі түркі жазба тілдерінің салыстырмалы грамматикасы
5. Түркі жазба тілдерінің тарихи салыстырмалы лексикасы
6. Қазіргі түркі дүниесі халықтарының тіл, тарих, география және фольклор контекстіндегі салыстырмалы талдауы

МЖМС 5 тармағына сәйкес оқыту әдістемесі мен әдістерін және оқыту технологиясын қамтитын пән қарастырылды.

1. Түркітану ғылымын оқытудың заманауи әдістері мен технологиялары


2. АК жылдық есебін талқылап, бекітуге ұсыну.

АК жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну мақсатында алынған көрсеткіштерге талдау жүргізіліп, тиісті басым бағыттарды нақтылап, есепті бекітуге ұсынылды. Атқарылған іс-шараларға сараптамалық баға берілді. Осыған орай комитет мүшелері тарапынан қолдау тауып, бекітуге ұсынылды.

АК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСARTУ ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. БББ ның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту
2. Оқу процесі мен ғылыми жұмыстарға шетелдік жоғары оқу орындарының академиялық ұтқырлығына тарту.

Академиялық комитеттің № 4 мәжілісінде 18.06 2025ж талқыланып, бекітуге ұсынылды.

АК төрағасы  Н. Жаныкулов